

**Казталов ауданы Жаңажол ауылдық округі Қараоба қыстағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 209 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 11 қазанда № 7-8-133 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 266 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2011.11.11 № 266 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағы 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Казталов аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2011 жылы 29 наурыздағы № 207 ұсынысы негізінде аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Ірі қара малынан құтыру ауруы пайда болуына байланысты, Казталов ауданы Жаңажол ауылдық округі Қараоба қыстағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдау Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Казталов аудандық аумақтық инспекциясына (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Казталов ауданы бойынша мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (келісім бойынша) ұсынылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 29 наурыздан бастап туындаған құқықтық

қатынастарға

таратылады.

4. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. И. Құтқожинге жүктелсін.

Аудан әкімінің м.а.

С. Молдашев

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Агроөнеркәсіптік кешендегі  
мемлекеттік инспекция  
комитетінің Казталов  
аудандық аумақтық  
инспекциясының бастығы  
\_\_\_\_\_ Малахов Арген Сәбитұлы

23.09.2011 ж.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау  
комитетінің Батыс Қазақстан  
облысы бойынша департаменті  
Казталов ауданы бойынша  
мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау  
басқармасының бастығы  
\_\_\_\_\_ Хайдаров Талғат Қалиханұлы

23.09.2011 ж.